

«Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
**Бракераждық комиссияның отырысының
№ 2 хаттамасы**

Күні: 20.11.2025 ж.

Қатысқандар:

Бракераж комиссиясының төрайымы:

1. Басшы –Қ.Қ.Абильдина

Бракераж комиссиясының мүшелері:

2.Э.Ж.Тулеубекова- БТІЖО

3.М.Б.Какенова – медбике

4.Т.Е.Жумабаева- әлеуметтік ұстаз

5.А.К.Шайхина – ата-аналар комитеттінің төрайымы

6.А.Токтамысова – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Күн тәртібінде

1.Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың қамтылуын баяндау.

2. Мектеп асханасының санитарлық талаптардың орындалуын бақылау.

Тыңдалды: Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың қамтылуын баяндау

Сөйледі: Т.Е.Жумабаева- әлеуметтік ұстаз

Мектеп бойынша жалпы оқушылар саны – 24, биылғы оқу жылында тегін ыстық тамақ ішетін оқушылар саны - 14, 1-4 сыныптар арасында 9- оқушы, 5-11 сыныптар арасында 5 – оқушы.

Жаңа оқу жылында жаппай білімен қамту қорынан қаражат бөлінді. Күнделікті бір баланың тамағы 1 – 4 сынып оқушыларына – 686 теңге, 5 – 8 сынып оқушыларына - 712 теңге, 9 – 11 сынып 755 теңге-құрайды. Көп балалы отбасының шыққан оқушы саны-7, толық емес отбасынан шыққан оқушы саны-1, қамқоршылықта-2 оқушы

Тыңдалды: Мектеп асханасының санитарлық талаптардың орындалуын бақылау

1. Тексеру барысында мыналар анықталды

Тағамдардың атауы	Тағамның шығуы, гр.	Тағамның Шығуы,гр.	Тағамның Шығуы, гр.
	6 (7)-10 жас	11-15 жас	16-18 жас
Балғын кырық қабат пен сәбіз салаты	60	80	100
Балық котлеті(бұқтырылған). Гарнир:күріш сарымаймен Томат тұздығы	80/20/100	100/20/150	100/20/180
Кисель	200	200	200
Нан	30	40	50

2. Мәзірге сәйкестігі:

Оқушыларға берілетін ыстық тамақ ас мәзіріне сәйкес дайындалған

3. Өлшеу бойынша келесі салмақ белгіленген:

Өлшеу бойынша тамақтардың салмағы дұрыс.

4. Азық түліктерге сертификаттың болуы:

Азық түліктің сертификаттары тексеру барысында бар болды.

5. Тез бұзылатын өнімдердің сақталуы мен дайындалуы мерзімі:

Тез бұзылатын өнімдер болған жоқ.

6. Мұздатқыш жабдықтардың жай-күйі:

Асханада мұздатқышпенен жабдықталған жұма күні ағытылып, жуылып тұрады.

7. Асхана қызметкерлерінің арнайы киімдерінің болуы:

Арнайы халаттары бар

8. Ыдыс-аяқтардың жағдайы:

Толық жабдықталған

11. Өнімдердегі сақтау ережесі: сақтау ережесі дұрыс.

12. Тыйым салынған тамақтарды алынуын тексеру: тыйым салынған тамақтар анықталмады.

Ұсыныс: ұсыныс жоқ

Сөйледі: А.Тоқтамысова – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Асхана дайындығы, санитарлық жағдайы ас дайындауға азық-түліктің болуы қаралды, дайындаған тағамдар норма мен ас мәзірге сәйкес.

Асханада тамақтар қатты ыстық күйінде берілмейді, алдын-ала құйылып жатады, берілген тамақтың сапасы жақсы, нормаға сәйкес. Тағамның дайындалу технологиясы өз дәрежесінде. Дайын өнімдер мен шикі заттар қажетті арнайы орындарда сақтаулы тұрады. Оқушылар сұйық тамақтан гөрі қою тамақтарды жақсы ішеді.

Асхананың тазалығын тексеру барысында анықталғаны:

1. Оқушылардың үстелінен алынған порцияның бақылау порциясымен салмағы бойынша сәйкестігі тексерілді.

2. Пайдаланылатын ыдыстың сапасы жақсы

3. Асхана бөлмелері таза, бөлмелердің тазалық кестесі бекітілген, ілінген.

4. Хлорамин ерігіндісі даярланған.

5. Тағам сапасы, тағам құрамы талапқа сай

Тегін ыстық тамақпен қамтылған 14 оқушы уақытында келіп тамақтарын ішті.

Кезекші мұғалімдер қадағалап отырады.

Қаулы:

1. Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың күнделікті қамтылуын әлеуметтік ұстаздарға жүктелсін.

2. Тамақтың сапасына, жұмыс орнында санитарлық тазалықты сақтау медбике М.Б.Какеноваға жүктелсін.

Жиналыстың төрайымы:



Қ.Қ.Абильдина

Хатшы:



А.С.Аменова